

***«Алтын ұя» бөбекжай-бақшасындағы
Қамқоршылық кеңесінің жұмыстары***

2024-2025 оқу жылы

«Алтын үй» бобекжай-бақшасының Қамқоршылық кеңесі туралы ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілделегі № 355-бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56-бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.2. Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйымды басқарудың атқалы органы болып табылады.

1.3. Қамқоршылық кеңес өз қызметінде ҚР қолданыстағы заңнамасын, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын, мектепке дейінгі ұйымның Жарғысын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

1.4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асады.

2. Қамқоршылық кеңестің мақсаттары мен міндеттері

2.1. Қамқоршылық кеңесті құрудың мақсаты – мектепке дейінгі ұйымды оның жарғылық міндеттерін іске асыру үшін қолдау, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны жақсарту, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

2.2. Қамқоршылық кеңестің міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымды дамытудың басым бағыттары бойынша ұсыныстарды келіседі және әзірлейді;
- тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңес анықтаған мектепке дейінгі ұйым жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;
- мектепке дейінгі ұйымның бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;
- мектепке дейінгі ұйымның Жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді келіседі;
- мектепке дейінгі ұйымға қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржыдай қаражатты бөлу жөніндегі хаттамалық шешімді келісуге және шығаруға қатысады, демеушілік, қайырымдылық және өзге де көмекті пайдалану

бағыттарын, нысандарын, мөлшерін және тәртібін таңдау бойынша оның мақсатты жұмсалуды туралы шешім қабылдайды;

- тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуына мониторинг жүргізеді, олардың құқықтарын қорғауға, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктің физикалық, психикалық және өзге де түрлерінен қорғауға жәрдемдеседі;

- сапалық-тигінендік талаптардың, тамақтану сапасының, ауыз су режимінің сақталуын, іргелес аумақтың жай-күйін бақылайды;

- қиын өмірлік жағдайға тап болған тәрбиеленушілерге қолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың шотына түсетін демеушілік қаражаттың жұмсалудына бақылауды жүзеге асырады;

- «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын отбасылардан шыққан тәрбиеленушілерге көмек ұйымдастыруға жәрдемдеседі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды, дарынды балаларды қолдау шараларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

- педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің ортасында туындаған жанжалдарды шешуге жәрдемдеседі;

- мектепке дейінгі ұйым қызметінің мәселелері бойынша мәдени, сауықтыру іс-шараларын, конференцияларды, кеңестерді, семинарларды өткізуге көмектеседі;

- Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қоғамдық талқылауға қатысады.

3. Қамқоршылық кеңестің құрамы

3.1. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

- жергілікті өкілдік орган, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;

- үкіметтік емес (коммерциялық емес) ұйымдардың өкілдері;

- бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері;

- мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің ата-аналары немесе заңды өкілдері (осы мектепке дейінгі ұйымның әрбір жастағы топтың тәрбиеленушілерінің бір ата-анасы немесе заңды өкілі) – әрбір жастағы топтардың санынан аспайды;

- педагогикалық еңбек ардагерлері (бар болса);

- қайырымдылық жасаушылар және/немесе меценаттар (бар болса).

3.2. Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.

3.3. Қамқоршылық кеңестің сайланған құрамын тиісті сіданың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган Комиссия хаттамалық шешім шығартан күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бекітеді, сайланған құрамның тізімі олардың және мектепке дейінгі ұйымның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

3.4. Комиссия мүшелерінің саны так санды құрайды, кемінде 7 (жеті) адам, оның ішінде мемлекеттік органдар өкілдерінің саны Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының 2/3 (үштен екісінен) аспайды.

3.5. Қамқоршылық кеңестің мүшелері МДҰ қызметкерлерінің құрамына кіреді.

3.6. Осы мектепке дейінгі ұйымнан Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің арасынан сайланатын төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады. Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді және оның қызметін осы Қағидалар мен ережелерге сәйкес қамтамасыз етеді.

3.7. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болмаған кезде оның функцияларын Қамқоршылық кеңестің құрамына кіретін жергілікті өкілді, атқарушы және құрық қорғау органдарының өкілдерін қоспағанда, Кеңестің шешімі бойынша мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

3.8. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің не тәуелсіз тұлғалардың арасынан сайланатын және Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып саналмайтын хатшы Қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдары мен хаттамаларын дайындауды, өткізуді, ресімдеуді қамтамасыз етеді.

4. Қамқоршылық кеңестің құқықтары

4.1. Қамқоршылар кеңес құқылы:

- мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын дамыту үшін Қамқоршылық кеңес ұсынған қаржыдай қаражатты пайдалануға қатысты қаржы-шаруашылық қызметті бақылау;
- мектепке дейінгі ұйымнан даму перспективаларымен танысу, тиісті түзетулер енгізу;
- қайырымдылық көмектің негізгі бағыттарынан іске асырылуын бақылау;
- қайырымдылық қаражатты бөлу тәртібін, мөлшерін және пайдалану бағыттарын белгілеу;
- ата-андар қауымын өз жұмысы туралы тұрақты түрде хабардар ету;
- меценаттардан түсетін қаражатты пайдаланудың заңдылығы мен тиімділігіне бақылауды жүзеге асыру.

5. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

5.1. Қамқоршылық кеңестің отырысы тоқсанына кемінде 1 рет өткізіледі. Қамқоршылық кеңестің отырыстарын бейнеконференцбайланыс режимінде өткізуге жол беріледі.

5.2. Отырысты өткізу туралы ақпаратты Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелерін хабардар ете отырып, мектепке дейінгі ұйымның интернет-ресурсында орналастырады. Интернет-ресурстағы ақпарат отырыстың өткізілетін күнін, уақытын және орнын қамтиды.

5.3. Егер отырысқа оның мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысса, Қамқоршылық кеңестің отырысы заңды болып табылады. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз дауысын Кеңестің басқа мүшесіне не тұлғаға сенімхат бойынша беруіне жол берілмейді.

5.4. Қамқоршылық кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік дауысымен анық дауыс беру арқылы қабылданады, хаттамамен рәсімделеді және оған төраға қол қояды. Дауыстар тең болған кезде Қамқоршылық кеңестің төрағасы не төрағаның функцияларын жүзеге асыратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

5.5. Қамқоршылық кеңестің шешімдерін білім беру ұйымының әкімшілігі заңда белгіленген мерзімде тиісті шешімдер қабылдай отырып қарайды.

5.6. Қамқоршылық кеңестің шешімі хаттамамен рәсімделеді, оған Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен барлық қатысып отырған мүшелері қол қояды және мектепке дейінгі ұйымның басшысына келісуге енгізіледі.

5.7. Білім беру ұйымының басшысы Қамқоршылық кеңестің шешімімен келіспеген жағдайда келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі, оларды еңсеру үшін Қамқоршылық кеңес пен мектепке дейінгі ұйымнан қатысушылардың тең саны қатысатын комиссия құрылады.

5.8. Қамқоршылық кеңестің шешімдерін кеңес хатшысы мектепке дейінгі ұйымның интернет-ресурсында орналастырады.

5.9. Мектепке дейінгі ұйымның қайырымдылық көмегі ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ғана жұмсалады.

5.10. Мектепке дейінгі ұйымға қабылданған қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер:

- мемлекеттік мекеме ұйымдық – құқықтық нысанда құрылған мектепке дейінгі ұйым үшін – Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде ашылған қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасын басқалау шотына;
- өңге ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған мектепке дейінгі ұйым үшін – екінші деңгейдегі банкте ашылған шотына аударылады.

5.11. Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер мынадай мақсаттарға:

- мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдауға;

- мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын жетілдіруге;

- дарынды балаларды қолдауға;
- зияттық-кеңестіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға жұмсалады.

5.12. Мектепке дейінгі ұйым жыл сайын қаржы жылының қорытындысы бойынша ата-аналар жұртшылығын осы мектепке дейінгі ұйымның интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қызмет нәтижелері туралы хабарлар етеді.

5.13. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

- тиісті сазаның уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органының бастамасы бойынша;
- мектепке дейінгі ұйымды тарату, қайта ұйымдастыру кезінде;
- Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі өткеннен кейін;
- Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде жүзеге асырылады.

5.14. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан:

- жеке бастама бойынша (Кеңес төрағасының атына еркін түрдегі жазбаша өтініш негізінде);
- кеңес отырыстарында дәлелсіз себептермен жыл ішінде үш реттен артық болмау себебінен шығарылады.

«Алтын ұя» бөбекжай-бақша меңгерушісі:

Хатшы:



К. М. Хандизласова
Сегізбаева К

Келісеміз:
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
Аманжол - Полатбекова А.



**Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің
2024 – 2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

«Алтын ұя» бөбекжай-бақшасы

(АКТ отыры)

№	Іс-шаралар	Мерзімдер	Жауаптылар
I. Ұйымдастыру жұмысы			
1.1	Қамқоршылық кеңестің №1 жалпы жиналысы 1. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355-бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56-бұйрығымен бекітілген, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібімен танысу. Қамқоршылық кеңестің алдағы оқу жылы үшін есебі. 2. Қамқоршылық кеңестің құрамын қалыптастыру. 3. Қамқоршылық кеңестің 2024 – 2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту. 4. Ерікті жарналар қарнаатын пайдалану бағыттары мен тәртібін айқындау. 5. Мектепке дейінгі ұйымды 2024 – 2025 оқу жылының қысқы кезеңіндегі жұмысқа дайындау туралы.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері

1.2	Қамқоршылық кеңестің №2 жалпы жиналысы 1. МДҰ дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әйгілеу мақсатында Мектепке дейінгі ұйымның 2024– 2025 оқу жылына арналған Даму бағдарламасы және жылдық жұмыс жоспарымен танысу. 2. Бағдарлармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау, ұйымдастыру және өткізу. 3. Тымдi тiмдестiрудi ұйымдастыру үшiн оңтайлы жағдайлар жасау. 4. Мектепке дейiнгi ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаржытын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау.	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
1.3	Қамқоршылық кеңестің №3 жалпы жиналысы 1. Наурызғанама мерекелеуге дайындық, ұйымдастыру және өткізу. 2. МДҰ сипаратын ибағтандыру жұмыстарын және ауызғын қоталдақыруды ұйымдастыру. Қығалдандыру бойынша еріктілер жұмысын ұйымдастыру. «Жасыл табиғат» желдендікне қатысу. 4. МДҰ-да «Кітап оқуды» ұйымдастыру және өткізу, топтарда кітап бұрыштарын жабдықтау.	Наурыз	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
1.4	Қамқоршылық кеңестің №4 жалпы жиналысы 1. Мектепке дейінгі ұйымда іздiгi сауықтыру желісін ұйымдастыру және келісу. 2. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңестің қаржытын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау. 3. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінің немесе облыстық (аудандық/қалалық) Білім басқармасының Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйымның жұмысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу.	Мамыр	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2. Қаражы-қайырымдылық қызметі			
2.1	Мектепке дейінгі ұйым жағынан қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасын бақылау шотын ашу.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, бухгалтер

2.2	Мектепке дейінгі ұйымға қайырымдылық көмек түрінде түскен қарама қаражатын болуте қатысу	ақшалай қаражатын түсуіне қарай	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2.3	Қайырымдылық көмек көрсетуге, мектепке дейінгі ұйымның МТБ дамыту және нығайту үшін демеушілерді тарту	тұрақты негізде	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2.4	Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдерін ақшалай мақсаттарға нысаншлы жұмсу; - мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау; - мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын жетілдіру; - шарықшы балаларды қолдау; - заттық-келістіктік даму ортасын ұйымдастыру.	тұрақты негізде	Қамқоршылық кеңестің мүшелері

3. Бақылау

3.3	Санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын, тамақтану сапасын, ауыл су режимін, мектепке дейінгі ұйымның іргелес аумағының жай-күйін бақылау мониторингімен танысу	тоқсанна бір рет	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
3.5	Мектепке дейінгі ұйымның қызметі, оның ішінде мемлекеттік қызметті сапалы ұсыну, жұмыс қорытындылары, қайырымдылық көмек қаражатын пайдалану туралы менеджментінің есебін танысу.	жылына екі реттен кем емес	МДҰ менігерушісі
4.7	Ата-аналарға немесе өлге ле заңды өкілдерге анонимді сауалнама өткізу арқылы мектепке дейінгі ұйымдағы оқыту жағдайларына қанағаттану дәрежесіне мониторинг жүргізу	жылына 1 рет	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
4.9	Ата-аналар жиналыстарына, қоғамдық тыңдауларға қатысу	жылына 4 рет	Қамқоршылық кеңестің мүшелері, МДҰ өкімшілігі

«Алтын ү» бобекжай-бақшасының:

Хатшы:



K.M.Xандилалова



Сенгібаева К

Қамқоршылық кеңесі отырысының №1 хаттамасы

Күні: 05.09.2024ж

Өткізілетін орны: «Алтын үй» бөбекжай-бақпасы

Күн тәртібіне:

1. Қамқоршылық кеңестің алдында оқу жылы үшін есебі.
2. Қамқоршылық кеңестің құрамын қысқарту.
3. Қамқоршылық кеңестің 2024 – 2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
4. Ерікті жарналар қаражатын пайдалану бағыттары мен тәртібін айқындау.
5. Мектепке дейінгі ұйымды 2024 – 2025 оқу жылының қысқы кезеңіндегі жұмысқа дайындау туралы.

Тыңдалды:

2023-2024 оқу жылы ішінде Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйымды дамытудың басым бағыттарын келісуге катысты, Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйым жұмысының ашықтаған кемшіліктерді жою туралы білім беру саласындағы тиісті саланың уәкілетті органына нақты ұсыныстар енгізді. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі іс-шараларға белсенді түрде катысты.

2023 – 2024 оқу жылында Қамқоршылық кеңес жұмысының негізгі бағыттары:

- МДҮ-да балаларды тәрбиелеу мен оқытудың қауіпсіз жағдайларын жасауға жәрдемдесу;
- топтарды және жазғы спорт алаңын абаттандыру бойынша МДҮ МТБ жетілдіруге жәрдемдесу үшін нақты шаралар қабылдау;
- ата-аналармен бірлескен бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға жәрдемдесу.

Қамқоршылық кеңестің 4 (төрт) отырысы өткізілді, онда балалармен сенімді қарым-қатынас қалыптастыру, ауықты көгалдандыру және абаттандыру, мектепке дейінгі ұйымның үй-жайларын жөндеу бойынша білім беру ұйымы мен отбасының өзара іс-қимыл мәселелері қаралды.

Қамқоршылық кеңестің тікелей қатысуымен басқа да мәселелер шешілді.

Мектепке дейінгі ұйымдағы Қамқоршылық кеңестің қызметі материалдық базаны жақсартуға, қызмет пен дамуды қамтамасыз етуге, балаларды тәрбиелеу жағдайларын жақсарту үшін қосымша ресурстар табуға мүмкіндік берді.

Балабақшаға 2023ж желтоқсан айында косметикалық жөндеу жүргізілді.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің құрамы ысынылды. Кеңес құрамына ата-аналар, қоғам белсенділері мен демеушілер енгізілді.

ҚК төрағасы А. Полатбекова 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасын таныстырып, негізгі бағыттарға тоқталды: материалдық-техникалық, әлеуметтік көмек, тәрбиелік іс-шаралар өткізу.

ҚК мүшесі Б. Шалаева сөз алып, қаражатты пайдалану тәртібі жөнінде баяндама жасады. Қаражатты ашық есеппен пайдалану ұсынылды: қажетті құрал-жабдықтар алу, мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру, аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету. Сонымен қоса мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы туралы баяндап, жөндеу жұмыстары, оқу құралдарын толықтыру және санитарлық талаптарға сәйкестік шаралары туралы айтты.

Қаулы етілді:

1. Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жаңа құрамы бекітілсін.
2. Жұмыс жоспары келесі бағыттармен қабылданын:
 - Материалдық жағдайды жақсарту
 - Әлеуметтік жағдайы төмен тәрбиеленушілерге қолдау
 - Мәдени бұқаралық іс-шаралар өткізу
 - Ата-аналармен ынтымақтастықты дамыту
3. Ерікті демеушілер қаражатын пайдалану:
 - Ай сайынғы есеп беру және ашықтық қығидасын сақтау
 - Кеңес шешімімен қаржы бағыттарын нақтылау
 - Әрбір шығын бойынша растайтын құжаттар дайындау.
4. Мектепке дейінгі ұйымды жаңа оқу жылына дайындау бойынша:
 - Оқу-методикалық және материалдық базаны жаңарту
 - Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды орындау

Қамқоршылық кеңес төрайымы: *А. Полатбекова* А. Полатбекова

Хатшы: *Сегізбаева К* Сегізбаева К

Қамқоршылық кеңесі отырысының № 2 хаттамасы

Күні: 06.12.2024ж

Откізілетін орны: «Алтын үя» бөбекжай-бақпасы

Қатысқандар: МДҰ меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, медицина қызметкері, ата-аналар комитеті, Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1. МДҰ дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында Мектепке дейінгі ұйымның 2024–2025 оқу жылына арналған Даму бағдарламасы және жылдық жұмыс жоспарымен танысу.
2. Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау, ұйымдастыру және өткізу.
3. Тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау.
4. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Алтын үя» бөбекжай-бақпасының меңгерушісі К.М.Хантыллаева 2024–2025 оқу жылына арналған даму бағдарламасы мен жылдық жұмыс жоспарын таныстырды. Негізгі басым бағыттар: балалардың білім, тәрбие, әлеуметтік дағдыларын дамыту, цифрлық білім беру ресурстарын енгізу, педагогтердің біліктілігін арттыру екендігі туралы атап айтты.

Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер алдағы Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық барысы туралы баяндама жасады. Балаларға арналған көріністер, киімдер, безендіру жұмыстары, ата-аналармен бірігіп ұйымдастыру жолдары қаралды.

Балабақша диетологы Сұлтанбек І. сөз алып, тиімді тамақтануды ұйымдастыру мәселесіне тоқталды. Ата-аналар балаларының тамақ сапасына қатысты ұсыныс-тілектерін білдірді. Жаңы мәзір үлгілері ұсынылды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы А.Понатбекова мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын жетілдіру мақсатында қолда бар қаражат көлемі мен жұмсалып бағыттары туралы баяндама жасады.

Қаулы етті:

- Даму бағдарламасы мен жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
- Әр бағыт бойынша жауапты тұлғалар белгіленсін.
- Іс-шаралар жоспары әзірленіп, орындалуы бақылауға алынсын.
- Ертеңгіліктер 2025 жылғы желтоқсанның үшінші аптасында өткізілсін.
- Әр топқа көрініс дайындау жүктелсін.
- Ата-аналармен бірлесіп қажетті киім-кешек пен безендіру элементтері әзірленсін.
- Фотосессия мен музыкалық сүйемелдеу ұйымдастырылсын.

- Ас мәзірі балалардың жас ерекшеліктеріне және маусымдық талаптарға сай жасартылсын
- Асхананың санитарлық жағдайына жүйелі бақылау жүргізілсін.
- Тамақ сапасына апталық мониторинг жүргізу белгіленсін.
- Ата-аналар пікірлері ескеріліп, бірлескен бақылау топтары ұйымдастырылсын
- Қаражат оқу құралдары, балалар ойын алаңы және интерактивті жабдықтар алуға жұмсалсын.
- Қаражаттың мақсатты әрі тиімді жұмсалтуы үшін жауапты комиссия құрылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: *А.Полдбекова* А.Полдбекова
Хатшы: *Сегізбекова К* Сегізбекова К

Қамқоршылық кеңесі отырысының № 3 хаттамасы

Күні: 28.03.2025ж

Өткізілетін орны: «Алтын ұя» бобекжай-бақшасы

Қатысқандар: МДҮ меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, медицина қызметкері, ата-аналар комитеті, Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібіне:

1. Наурызнаманы мерекелеуге дайындық, ұйымдастыру және өткізу.
2. МДҮ ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын қоғалдандыруды ұйымдастыру, Қоғалдандыру бойынша еріктілер жұмысын ұйымдастыру, «Жасыл табиғат» челленджіне қатысу.
4. МДҮ-да «Кітап оқуды» ұйымдастыру және өткізу, топтарда кітап бұрыштарын жабдықтау.

Тәрбиешілер мен әдіскер алдағы Наурыз мерекесіне арналған жоспарлармен таныстырды. Іс-шара барысында балаларға ұлттық дәстүрлер мен мәдени құндылықтарды насихаттау мақсатында мерекелік бәйріш-бәйріштер мен ойын-сауық шаралары өткізу ұсынылды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері көктемгі абаттандыру және қоғалдандыру жұмыстарының жоспарын таныстырды. Сонымен қатар «Жасыл табиғат» челленджі аясында еріктілер тобының жұмысы талқыланды.

Әдіскер мен педагогтер «Кітап оқуды» дамыту, балаларға кітапқа деген қызығушылықты арттыру бағытында өткізілетін жұмыстарды ұсынды. Топтарда кітап бұрыштарын жаңарту мен толықтыру қажеттілігі атап өтілді.

Қаулы етілді:

Наурыз мерекесі 2025 жылғы 14-22 наурыз аралығында ұйымдастырылсын.

Әр топ өз сценарийі бойынша балалармен дайындық жұмыстарын жүргізсін.

Ұлттық тағамдар көрмесі, көріністер, салт-дәстүрлерді таныстыру бұрыштары әзірленсін.

Ата-аналардың қатысуымен ұлттық ойындар ұйымдастырылсын.

2025 жылғы сәуір айында «Қоғалдандыру айлығы» жариялансын.

Ата-аналар мен педагогтерден құралған еріктілер тобы құрылып, челленджге қатыстырылсын.

Балалармен бірге гүл отырғызу, ағаш егу, тазалық жұмыстары ұйымдастырылсын.

Қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету шаруашылық меңгерушісіне тапсырылсын.

Апта сайын «Кітап оқу сағаты» ұйымдастырылсын.

Топтарда кітап бұрыңтары жабдықталып, көрнекі әрі балаларға қолжетімді болсын.

«Отбасымен бірге кітап оқоңыз» атты акция ұйымдастырылсын.

Кітап қоры ата-аналар мен демеушілердің көмегімен жанартылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: *А.Полатбекова* А.Полатбекова

Хатшы: *Сарсенбаева Г* Сарсенбаева Г

Қамқоршылық кеңесі отырысының №4 хаттамасы

Күні: 16.05.2025ж

Өткізілетін орны: «Алтын ұя» бөбекжай-бақшасы

Қатысқандар: МДҰ меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, медицина қызметкері, ата-аналар комитеті, Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және келісу.
2. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңестің қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау.
3. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінің немесе облыстың (аудандық/қалалық) Білім басқармасына Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйымның жұмысынан анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу.

Тыңдалды:

«Алтын ұя» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі К.М.Хандилласева жазғы сауықтыру кезеңі үшін дайындық жұмыстары туралы баяндады. Бұл кезеңде балаларға арналған сауықтыру іс-шаралары, ойындар мен топтық жұмыстар өткізіледі. Жазғы кезеңде тынығу мен денсаудықты нығайту үшін арнайы бағдарламалар енгізу ұсынылды.

Қамқоршылық кеңес төрайымы А.Полатбекова мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту үшін Қамқоршылық кеңес қаражатының жұмсалу бағыттарын туралы баяндады. Қаражатты бөлу барысында негізгі басымдықтар оқу құралдары мен жабдықтарды жаңарту, ойын алаңдарын модернизациялау және ғимараттың инфрақұрылымын жақсартуға беріледі.

Әкімшілік МДҰ жұмысының кейбір кемшіліктерін анықтағанын атап өтті, атап айтқанда, балалардың денсаулығын қорғау және білім беру сапасының жоғары деңгейін сақтауда белгілі бір проблемалар бар. Қамқоршылық кеңестің мүшелері бұл мәселелерді облыстық/қалалық Білім басқармасына ұсыныс ретінде жолдауды ұсынды.

Қаулы етілді:

Жазғы сауықтыру кезеңі маусым айында басталып, тамыз айында аяқталсын.

Әр топқа сауықтыру шараларын ұйымдастыру үшін жауапты тәрбиешілер бекітілсін.

Жазғы кезеңдегі іс-шаралардың жоспары мен күнтізбесі әзірленіп, ата-аналармен келісілсін.

Балаларға арналған жазғы ойын алаңының қауіпсіздігі қамтамасыз етілсін.

Қаражат балалар алаңы мен оқыту құралдарын жаңартуға, сондай-ақ ғимараттың ағындағы жолдеу жұмыстарын жүргізуге бағытталсын. Қаражаттың көлемі мен пайдалану тәртібі Қамқоршылық кеңес мүшелерімен келісіледі.